

АЙЫРТАУ ТАҢЫ

№45
(967)

Бейсенбі, 3 қараша 2016 жыл

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1993 жылдың қаңтарынан шығады

Мерекелік құттықтау

Құрметті солтүстікқазақстандықтар! Қымбатты жерлестер!

Сіздерді Солтүстік Қазақстан облысының құрылғанына 80 жыл толу мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!
Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің ширек ғасырлық тойына тұспа-тұс келген бұл оқиға ерекше маңызға және мәнге ие.
Бүгіндері біз жаңа жетістіктер мен қайта жаңару алдында тұрмыз, ұзақмерзімді “Қазақстан-2050” Стратегиясың “Нұрлы Жол” бағдарламасың “100 нақты қадам” Ұлт жоспарың жүзеге асырудамыз.

Бүкіл елімізбен бірге біздің Солтүстік Қазақстан облысы да серпінді дамып келеді.

Өңіріміздің ел аумағының 4 пайызын ғана алып жатқандығына қарамастан, біз республикада өсірілетін жоғары сапалы бидайдың үштен біріне дейін өндіреміз. Дикандарымыздың маңдай терінің және еселі еңбегінің арқасында біз жыл сайын Мемлекет басшысы Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың “еліміздің басты астықты өлкесі” деген жоғары бағасына лайық екенімізді дәлелдеудеміз.

Солтүстік Қазақстан облысы – Қазақстанның “солтүстік қақпасы” теңеуіне ие, нақ осы жерде бұрындары Шығыс пен Батыстың, Солтүстік пен Оңтүстіктің көруен жолдары түйіскен. Нақ осы жерде Петропавл қаласында бағзы заманда айыр-бастау және тасымалдау саудасының ірі орны қалыптасқан.

Бүгіндері де республиканың ең солтүстік нүктесінде, ірі халықаралық автомобиль, темір жол және әуе магистральдерінің тоғысқан жерінде орналасқан облысымыз Ресей Федерациясының үш өңірімен шектеседі.

Айтарлықтай көліктік-логистикалық ресурстарға ие болғандықтан біз Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде қабылданған ауқымды ықпалдастыру жобаларын жүйелі түрде жүзеге асырудамыз.

Біз өнеркәсіпті, бизнес пен индустрияны дамытып келеміз. Өзіміздің комбайндарымыз бен тракторларымызды, астық таситын вагондарымыз бен мұнай өңдеу өнеркәсібі үшін қондырғыларымызды шығарудамыз.

Тамақ өнеркәсібін серпінді дамыта отырып, біз өзімізді үнмен және макарон өнімдерімен, етпен, сүтпен толық қамтамасыз етудеміз, оларды басқа өңірлерге және экспортқа жөнелтудеміз.

Біздің облыс сан алуан жер бедерімен және табиғи байлығымен бірегей. Облысымызды “ақ қайыңдар мен көгілдір көлдер өлкесі” деп тегіннен тегін атамайды. Біз көптеген халықтардың тағдырымен қалыптасқан тамаша тарихқа да баймыз.

Ортақ шаңырақ астында жүзден астам этнос өкілдері біртұтас және топтасқан халық ретінде еркін және тату-тәтті өмір сүруде.

Сөз жоқ, тағдырларымен тағылымды, іс-әрекеттері және жеке табыстары толымды біздің адамдарымыз облыстың басты байлығы болып табылады.

Әр күн сайын біз өз отбасымыз бен қоғамымыздың игілігі үшін аянбай еңбек ете отырып, өмірімізді жақсартуға ұмтылудамыз. Біздің Қызылжар өңірі өзінің лайықты ұлдарың, нағыз патриоттарың Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарындағы қиын-қыстау кезеңінен өтуге өздерінің еңбекқор қолымен және ыстық жүрегімен көмектескен, бүгіндері де туған облысының гүлденуі жолында жанқиярлықпен еңбек етіп жатқан адамдарды мақтан тұтады.

Біз Қожаберген жырау, Мағжан Жұмабаев, Иван Шухов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Үкілі Ыбырай, Евней Букетов, Владимир Шаталов пен Александра Викторовна сынды ұлы адамдардың жерлестері екенімізді мақтананыш етеміз.

Қымбатты жерлестер!

Облысымыз осындай жетістіктерге барлық солтүстікқазақстандықтардың ерен еңбекқорлығының, туған өлке үшін жауапкершілігі мен сүйіспеншілігінің арқасында қол жеткізіп отыр.

Сіздерді тағы да облыстың 80 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

Сіздерге және Сіздердің отбасыларыңызға мықты денсаулық, тыныштық, ізгілік, игілік пен бақыт тілеймін!

Қазақстан халқының бірлігі нығайып, Тәуелсіздігіміздің туы асқақ желбіресін, біздің республикамыз бен туған Солтүстік Қазақстан облысы гүлдене берсін!

Ерік СҰЛТАНОВ,
Солтүстік Қазақстан облысының әкімі.

Сүйінші!

Алексей Луценконы жеңісімен құттықтады

Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Ерік Сұлтанов Алексей Луценконы «Tour of Nainap» халықаралық жарысында жеңіске жетуімен құттықтап, жеделхат жіберді. Алексей Луценконың бұл жеңістен өзге сары жейде иегері, Ең үздік тау велобаандозы және Азиялық үздік шабандоз атақтары бар.

«Барша солтүстікқазақстандықтардың және өз атымынан «Тур Хайнань-2016» халықаралық жарысында үздік нәтиже көрсетуіңізбен және жалпы жіктелімдегі жеңісіңізбен құттықтаймын!

Сіз барша қазақстандық жанкүйерлерге естен кетпес әсер сыйлап, елімізді кезекті рет әлем алдына танытып, мыңдаған жас қазақстандықтарға үлгі көрсеттіңіз!», - делінген жеделхатта.

Ерік Сұлтанов Алексей Луценкоға денсаулық, береке және жаңа жетістіктер тіледі.

Бұдан бөлек, Турдың бірнеше кезеңінде «Астана» командасының құрамындағы тағы бір солтүстікқазақстандық спортшымыз, Руслан Тілеубаев та табысты өнер көрсетті.

СҚО әкімі Ерік Сұлтановтың атынан құттықтау жеделхаты «Астана» кәсіби командасының бас менеджері Александр Винокуровка да жіберілді. Өңір басшысы олимпиада чемпионы бастаған команда «Тур Хайнань-2016» халықаралық жарысында қазақстандық жанкүйерлердің есінен кетпес ойын өрнегін көрсете отырып, елімізді мақтан ететін ерекше әсерге бөлегенін атап өтті.

«Солтүстікқазақстандық велоспорт тәрбиеленушілері өз жанкүйерлеріне нағыз мереке сыйлады және өздерінің әлемнің түрлі трассасында жеңілімейтін қарсылас екендіктерін кезекті рет дәлелдеді.

Бұл барша «Астана Pro team» командасының біліктілігі, қажыр-қайраты, шабандоздарының кәсібилігі, сондай-ақ, қазақстандық велоспортты дамытудағы Сіздің өлшеусіз үлесіңіздің арқасында жеткен жетістік. Сізді «Астана» командасының Хайнань турында жоғары өнер көрсетуімен шын жүректен құттықтаймын!», - делінген жеделхатта.

Ерік Сұлтанов Александр Винокуровка зор денсаулық, бақыт пен береке, «Астана Pro team» командасына жаңа жеңістер тіледі.

«Мен – чемпион»

республикалық ойынының қорытынды кезеңі

Петропавл қаласында «Мен – чемпион» республикалық ойынының қорытынды кезеңінің ашылу салтанаты өтті. Жоба кубогы үшін сайысқа Астана және

Алматы қалаларының, республика өңірлерінің 16 командасы қатысты. Жарыс қатысушыларын Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Ерік Сұлтанов қарсы алды.

Мереке мезеті

Жүрегінің жылуына бөлеген

Қазан айының 29 жұлдызында ауданымызда 30 қазан – әлеуметтік қорғау жүйесі қызметкерлері күніне орай мерекелік іс-шара болып өтті.

Шараның мақсаты мен маңызына тоқталар болсақ, бұл күннің өзге де кәсіби мерекелік кештерден айырмашылығы жоқ. Бір ғана өзгешелігі бар, ол – әлеуметтік қызметкерлердің өз жұмысына тек жұмыс

қызметкері Татьяна Базиловаға, ал Алғыс хатын жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бас маманы Рәш Құдайбергеноваға табыс етті.

Сонымен, жоғары кәсіби біліктілігі, жұмыстағы көрсеткен шығармашылығы үшін және Әлеуметтік қорғау жүйесі қызметкерлерінің күнін атап өтуге байланысты мазмұндағы аудан әкімінің Құрмет грамоталарымен «Айыртау психоневрологиялық интернаты» коммуналдық мемлекеттік



деп қана қарамай, тағдырдың тәлкегіне душар болып, өмірдің қиын сынына тап болған жандармен оларға жандуу өмірдегі бар мейірімін, жылулығын бере отырып, әрқашан жандарынан табылып, көмек қолын соза білетін ертегідегі қайырымды жанның бүгінгі бейнесі сынды.

Осы мерекелік кештің сәні мен салтанатын келтіріп, әлеуметтік қорғау жүйесі қызметкерлеріне ерекше шабыт сыйлаған сәті аудан әкімі, «Нұр Отан» партиясы Айыртау аудандық филиалының төрағасы Ағзам Тастеміровтің құттықтауы мен марапаты болды.

Аудан әкімі өз құттықтауында: «Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын!

Біздің азаматтарымыздың әлеуметтік қорғалуы Сіздердің жоғары кәсібиліктеріңіз бен күнделікті қызметтеріңізге байланысты. Тәуелсіздіктің 25 жылы ішінде халқымыздың әл-ауқатын жақсартуына қосқан үлестеріңіз мол. Сіздердің барлық күш-жігерлеріңіз ең алдымен, халықтың мұң-мұқтажына толық жауап беретін және қазіргі заманғы халықаралық стандарттарға сай келетін әлеуметтік қорғау жүйесін дамытуға бағытталады. Осы салада Сіздер барынша аянбай еңбектеніп, әлеуметтік қорғауға мұқтаж жандардың игілігі үшін қызмет етіп келесіздер. Сіздердің қиын да, қастерлі еңбектеріңізге рахмет айтамын» дей келе, әлеуметтік қызметкерлерге зор денсаулық пен мол табыс, игі жақсылықтар мен мол қуаныш тілейтінін айтып өтті.

Сондай-ақ, аудан басшысы облыс әкімі Ерік Сұлтановтың Құрмет грамотасын тұрғындарды жұмыспен қамту орталығының маманы Тұрғынбек Бейсембаевқа, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің әлеуметтік

мекемесінің әлеуметтік жұмыс бойынша маманы Козлова Ольга Николаевна, «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің үйде әлеуметтік қызмет көрсету бөлімшесінің әлеуметтік қызметкері Мырзатаева Айжан Ертайқызы, «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бам маман бухгалтері Новаковская Надежда Викторовна марапатталды.

Аудан әкімінің Алғыс хаттары «Айыртау психоневрологиялық интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің санитары Мырзатаева Балкүміс Әмірәліқызына, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалы – «Әлеуметтік төлемдерді ведомствоаралық есептеу орталығы» департаменті Айыртау аудандық бөлімшесінің бас маманы Қайнөтова Салтанат Балатайқызы, «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің үйде қызмет көрсету бөлімшесінің әлеуметтік қызметкері Романова Наталья Николаевнаға, «Айыртау психоневрологиялық интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің психологы Үсенова Бақыт Қайратқызына тапсырылды.

Мерекелік кештің жалғасы концерттік бағдарламаға ұласты.

Өз хабарымыз.

Суретті түсірген Ирина БУРКОВСКАЯ.

Қазан айына Айыртау аудандық мәслихатының хатшысының және облыстық, аудандық депутаттардың азаматтарды қабылдау кестесі (сағат 15:00-ден 17:00-ге дейін)

Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының депутаттары

Махметов Сейілбек Ғазизұлы, айдың екінші дүйсенбісі, аудандық мәслихат. Мантариди Василий Анатольевич, айдың үшінші дүйсенбісі, аудандық мәслихат.

Айыртау аудандық мәслихатының депутаттары

Жанахметов Берік Темешұлы, №2 сайлау округі, аудандық мәслихат, 7 қараша.
Есенғалиев Сырымбет Қайрошұлы, №1 сайлау округі, аудандық мәслихат, 10 қараша.
Тілеубаева Раушан Райымжанқызы, №8 сайлау округі, аудандық мәслихат, 14 қараша.
Олжабаева Мәңдігүл Олжабайқызы, №3 сайлау округі, аудандық мәслихат, 16 қараша.
Бәйтенев Айдарбек Ағзамұлы, №4 сайлау округі, аудандық мәслихат, 18 қараша.
Бурковская Ирина Юлиановна, №14 сайлау округі, аудандық мәслихат, 21 қараша.
Ақмолдин Еркін Қапезұлы, №5 сайлау округі, аудандық мәслихат, 24 қараша.
Байғарин Алмас Манасұлы, №13 сайлау округі, аудандық мәслихат, 28 қараша.
Жандосова Ботакөз Төребекқызы, №10 сайлау округі, аудандық мәслихат, 30 қараша.

Саумалкөл с. Ш. Уәлиханов көшесі, 44 үй.
Анықтама телефоны 21-902. Алдын ала жазылу.



Биыл Солтүстік Қазақстан облысының құрылғанына сексен жыл толады. Осы жылдарда облысымыз ел тарихы мен мәдениетіне, экономикасының өркендеуіне, ғылымы мен білімінің заман талабына сай дамуына субелі үлес қосып келеді.

«Халықтың кемеліне келіп өркендеп өсуі үшін, ең алдымен азаттық пен білім қажет», - деп Шоқан Уәлиханов айтқандай, облысымыздың қалыптасуы мен дамуы жолында білім саласының алар орны ерекше. Сондықтан да мен сексен жылдың ішінде талай белестерді бағындырған облыс тарихында білім саласының қалай өрбігені жөнінде қалам тербеуді жөн көрдім.

Білім беру ісінің өмірлік қажеттілігіне, сондай-ақ, аймақта ұстаздардың жетіспеушілігіне байланысты Қазақ КСР Халық Комиссарлары кеңесінің 1937 жылғы 19 наурыздағы қаулысына сәйкес өңірімізде мұғалімдер институты құрылды.

Сол жылы 1 қыркүйектен бастап жаратылыстану-жағрапия және тарих факультеттері жұмысын бастады. Алғашқыда институттың өз ғимараты болмады. Келесі жылы оған Партизан көшесі бойындағы жаңа мектеп ғимараты мен бұрынғы мешіт және оқытушыларға арналған екіқабатты үй бөлінді.

1939 жылы оқу орнының Жарғысы бекітіліп, оған Петропавл мемлекеттік мұғалімдер институты, деген ресми атау берілді. Институттың ұйымдық құрылымы айқындалып, марксизм-ленинизм, тарих, жағрапия, жаратылыстану, орыс және қазақ тілдері деп аталған бес кафедра ұйымдастырылды. Институтқа жұмысқа қабылданған он алты оқытушының он үшінші жоғары, қалған үшеуінің орта білімі болатын. Сол жылы сырттан оқыту бөлімі ашылды да, 1940 жылы тарих пәнінің 27, жағрапия пәнінің 17, биология пәнінің 8 оқытушысы орталау мектептерге сабақ беруге құқық беретін толық емес жоғары білім жөнінде диплом алып, мұғалімдік қызметтерін бастауға аттанды. Олар кейін жоғары оқу орындарында оқып, білімдерін толықтырды, білікті мамандар болып игі істері-мен көзге түсті.

Ұлы Отан соғысының басталуы жаңа оқу ордасының өміріне елеулі өзгерістер әкелді. Ғимараттар соғыс мүддесіне қарай өнеркәсіп кәсіпорнына берілуіне байланысты, институт Челюскин көшесіндегі мектепке көшті. Мұғалімдер институтынан 13 оқытушы мен 28 студент майданға аттанды. Қандай қиындық болса да, өмір алға жылжуын тоқтатпады. Оқытушылар қатары сиреп қалды. Сондықтан қалаға қоныс аударып келген мамандар, институттың өз түлектері де оқытушылыққа шақырылды. 1943-1944 оқу жылында штат кестесінде 17 орын болса, олардың екеуі (Д.М.Сағдиев пен Г.Овчинников) ғылым кандидаттары еді.

Ұлы Отан соғысының қиын-қыстау кезеңінде мұғалімдер институтының ұжымы Солтүстік Қазақстан өңірінің әлеуметтік-мәдени өміріне айтарлықтай үлес қосты. Сол жылдары институт ұжымы соғыс мүддесіне арнап 55 - медбике. 35 - әуе және химия шабуылына қарсы нұсқаушы, 150 радиобайланысшы мамандарды арнайы ұйымдастырылған үйірмелерде даярлады. Соғыс жылдары оқытушылар мен студенттер уақытпен санаспай астық жинау, темір жолды қардан тазарту сияқты жұмыстарды ерікті түрде атқарды. Қорғаныс қорына өз жалақыларынан қаражат аударды, жылы киімдер жинады, мемлекеттік қорғаныс заңы облигацияларын сатып алды, майдангерлердің балаларына қаржылай көмек көрсетті.

байланысты институтқа 9-сынып бітіргендерді де қабылдауға рұқсат етілді. Бұл амалсыз шара еді. Өйткені, толық орта білімі жоқ жастардан

Солтүстік Қазақстан облысының құрылғанына - 80 жыл

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚҰРЫЛУЫ ҚАРСАҢЫНДА БЕЛЕСТЕРДІ БАҒЫНДЫРҒАН

сауатты маман даярлау оңай шаруа еместін

Оқу орнының Жеңіске қосқан үлесі Үкімет тарапынан жоғары бағаланды да, 1945 жылы институтқа орыстың XIX ғасырдағы атақты ұстазы К.Д.Ушинскийдің есімі берілді. Осыған байланысты мұғалімдер институтында, Петропавл қаласындағы мектептерде оның мұралары кеңінен насихаттала бастады. Институт оқытушылары К.Д.Ушинскийдің өмірі мен қызметіне арналған бұқаралық шараларды ұйымдастыруға белсене қатысты.

Соғыстан кейін мұғалімдер институты Киров (қазіргі Жамбыл) көшесінің бойындағы мектепке көшірілуіне байланысты білім беру ісіне едәуір қолайлы жағдайлар жасалды. Дәрісханалар мен зертханалар кең бөлмелерге ауыстырылды, алайда,

атты монофафиясы төңірегінде, әсіресе, Кенесары Қасымұлының отаршылдыққа қарсы күресіне бай-ланысты дау-дамай көбейді. Оқу министрінің арнайы бұйрығы бойынша Шамиль басқарған тау халықтарының тәуелсіздік күресі жағдайындағы, сондай-ақ, Кенесары, Наурызбай есімдеріне қатысты материалдарды, Нысанбай ақынның жырларын оқуға тыйым салынды.

Петропавл сияқты қиырдағы қалада орналасқан мұғалімдер институтын оқытушылармен қамтамасыз ету қашанда оңай болмады. Әдеттегідей институтқа қызмет істеуге жастарды шақыру маңызды мәселе ретінде көтеріліп, оқытушылар мен студенттер мектептерді аралап, насихат жұмыстарын жүргізді. Қазақ жастары үшін арнайы дайындық курстары ашылды. Жоғары білімді

мұғалімдердің жетіспеуі жастарға жаппай орта білім беру жөніндегі міндеттің орындалуын қиындатып жіберді.

Мұғалімдер институты сол жылдардан бастап студенттердің педагогикалық тәжірибесін өткеруі жөнінде мектептермен келісімшарт жасалды.

Ғылыми жұмыстар жүргізу үшін далалық экспедициялар ұйымдастыру тәжірибеге айналды.

К.Д.Овчинниковтің бастамасымен Солтүстік Қазақстан облысының тарихы, өсімдіктері мен жануарлар әлемі тұтас қарастырылып, зерт-

мұғалімдерін даярлай бастады. Алайда елуінші жылдардың аяғы мен алпысыншы жылдардың басында ауыл шаруашылығы саласына мамандар қажет болды. Студенттер дөңді дақылдар өсіру, жер жырту және баптау сияқты диқаншылық кәсіптерге тартылып, ол тиянақты білім алуға зиянын тигізді. Сол кезде «Молодой целинник» газетінде «Студенттер қандай маман болып шығады?!» деген сыни мақала жарияланып, онда оқу орнының кемшіліктері, мамандар даярлаудың осал тұстары айтылды. Болашақ мұғалімдерді қосарланған мамандықтар бойынша даярлаудан бас тарту туралы шешім қабылданды. 1960-1964 жылдары физика-математика факультетінде А. А.Финдоренко басқарған жалпы техникалық кафедра болды. Онда студенттерге ағаш және

іскерлігі мен парасаттылығына арнап қалада мемориалды тақта және оқу орнында дәрісхана ашылды. Одан кейін білім ордасын физиология ғылымдарының докторы, оқу орнында ең ғылыми мектебін ашқан А.М.Малыгин басқарды. Оқу ордасының қалыптасуына, жетілуіне көп жылдар бойы елеулі үлес қосқан проректорлар да болды. Ұзақ жылдар бойы университеттің бірінші проректоры қызметін философия ғылымдарының кандидаты, СҚМУ профессоры Феликс Сим абырой, мен атқарып, білім ордасында 45 жыл еңбек етті.

1994 жылы елімізде жоғары білім беруді жақсарту, аймақтарда мамандарды даярлаудың университеттік жүйесін қалыптастыруға байланысты Петропавл педагогика-лім калық институты Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті болып қайта құрылғанда, Қарағанды политехника институтының қаламыздағы филиалы жоғары техникалық колледж деп аталып университет құрамына берілді.

2001 жылы университетке мемлекеттік мәртебе беріліп, Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті атанды. Жаңа ұрпақтарды қалыптастыруда субелі үлес қосқан жаңашыл басшы, тамаша ұйымдастырушы және ғалым, техника ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі Оңдасын Әшімов 2002 жылы ректор болып тағайындалды.

М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті - еліміздің теріскейіндегі білім-ғылымның және мәдениеттің ірі орталығы. Қазіргі кезде университет республика мен өңірдің дамуына қажетті білім, жаратылыстану, гуманитарлық, ауыл шаруашылығы, өнер, құқық, әлеуметтік және бизнес, техника және технология, қызмет көрсету сияқты тоғыз бағытта мамандар даярлайды. Университет - көпдеңгейлі оқыту жүйесін қамтитын оқыту мен ғылымды қатар алып келе жатқан кешенді білім ордасы. Жан-жақты он оқу корпусы, жаңартылған төрт жатақ-хана, обсерватория, жузу бассейні, мұражай кешені, «Мирас» оқу-әдістемелік кешені, агробиостанция, интернет-кафе, тағы басқалары оқу орнының үнемі дамып келе жатқанын дәлелдейді. Университетте бүгінгі күні 48 бакалавриат, 24 магистратура және 4 PhD мамандығы бар.

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде оқытудың озық ақпараттық технологияларын енгізуге, ғылыми зерттеулер жүйесін тың арнаға салуға, жоғары оқу орнын басқаруға жаңа екпін берілді. Оқыту және басқару үдерістерін жоспарлаудың жаңа жүйесі, электронды ректорат құрылды. Осызаманғы нақты және виртуалды жаңа бағдарламамен жабдықталған зертханалар, кешендер оқу үдерісінде кеңінен қолданылады.

Білім ордасында 2005 жылы сапа менеджмент жүйесі енгізіліп, ол ИСО 9001; 2008 стандарттарының талаптарына сай болуына байланысты сертификатталды. 2010 жылы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Ұлттық аккредитациялық орталығы кеңесінің шешімімен аккредиттеуден зүрінбей өтті. Сол жылы Италияның Болонья қаласында Университеттердің Ұлы Хартиясына қол қойылды. Университет - халықаралық консорциумның мүшесі. Сондай-ақ, 50-ден астам жоғары оқу орындарымен алыс және жақын шетелдердің халықаралық ұйымдарымен бірлесіп жұмыс істеп жатыр. Олар: Ресей, Ұлыбритания, іҚШ, Германия, Финляндия, Түркия, тағы басқа да елдер.

Сонау жылдары мұғалімдер институты болып құрылған білім орда-ын бүгінде 45 мыңға жуық жоғары ілікті мамандар бітіріп, көпшілігі өндіріс пен білім саласының жетекшілері, танымал ғалымдар болып адал еңбек етуде.

Алтай ҚОЖАХМЕТ,
М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің профессоры, экономика ғылымдарының кандидаты.



арнайы спорт залы болмағандықтан дене тәрбиесі сабағы көбінесе далада, кейде жалға алынған ғимаратта өтетін. Оқытушылар мен студенттер ғимарат жанынан оқу-тәжірибе учаскесін ұйымдастырып, дөңді дақылдардың бірнеше түрін егіп, гүлзарлар жасалды.

Институтта 1948 жылы физика-математика факультеті ашылды.

төу жұмыстары қолға алынды. Әрбір кафедра жанынан студенттердің үйірмелері құрылды. Дарынды жастар оқытушылардың жетекшілігімен дербес ғылыми-зерттеулер де жүргізді. Г.Чусловтың «Солтүстік Қазақстан облысы аумағындағы қазбалардан табылған жануарлар мен өсімдіктер қалдығы» деген еңбегіне көңілі ғалымдардың өзі назар аударды.

металл өңдеу, автокөліктер мен электр жабдықтарын жөндеу сияқты тәжірибелік пәндер жүргізілді. Пәнге қажетті станоктар мен қондырғылар алынып, бір жылдың ішінде оқу шеберханасы жабдықталды. Оған қоса екінші корпусқа физика-математика факультетінің студенттері үшін фотозертхана мен сызу кабинеті жарақталды.



Филологтар мен математиктер жеке-жеке топтарға біріктіріліп, оқытылды. Ал марксизм-ленинизм негіздері, педагогика, психология, мектеп гигиенасы пәндері барлық студенттердің басын қосып өткізілетін. Ол кезде институтта сабақ тек орыс тілінде жүргізілді, қазақ мектептерін бітіргендер үшін бірінші жартыжылдықта арнайы бейімдеудайындау тобы құрылып, студенттер біршама тіл үйренгеннен кейін жалпы топқа қосылатын.

Елімізде болып жатқан саяси-қоғамдық құбылыстар институттың дамуына әсер етпей қоймады. Компартия ұстанымына, мемлекет қайраткерлерінің пікірлеріне қайшы келеді-ау деген ғылыми бағыттар қоғам алдында сынға ұшырады.

Е.Бекмахановтың «XIX ғасырдың 20-40 жылдарындағы Қазақстан»

Институт ұжымы басқа да саяси және ғылыми білімдерді насихаттаудың орталығына айналды.

1954-1955 жылдары мұғалімдер институтының оқытушылар қатары нығайып, білім беру сапасы едәуір жақсарды, ғылым кандидаттары шыға бастады. Пушкин көшесінде жаңа оқу корпусының құрылысы басталды.

Тың және тыңайған жерлерді игеру науқанына байланысты өңірімізге әртүрлі этнос өкілдері ағылып келе бастады. Халық санының өсуіне орай жалпы білім беретін орта мектептер үшін мұғалімдерді көбірек даярлау қажеттігі туындады. 1955 жылы оқу орны педагогикалық институт болып қайта құрылып, барлығы үш мамандық: 1) математика, физика, сызу; 2) орыс тілі, әдебиеті, тарих; 3) биология, химия, жағрапия пәндерінің

1977 жылы Абай көшесінде 1200 орындық жаңа оқу ғимараты пайдалануға берілді. 1987 жылы бірінші корпус пайдалануға тапсырылып, екі үлкен дәрісхана, республикалық деңгейде жарыс өткізуге мүмкіндік беретін осызаманғы спорт залына қол жетті.

Уақыт өткен сайын заман талабы өзгеріп, күн тәртібіне мүлде жаңа мәселелер қойылды. Институттың елуге тарта оқытушысы Мәкеуде аспирантура бітіріп, кандидаттық диссертацияларын қорғады.

Аталмыш институт осылайша ұзақ та жемісті жолдан өтті. Әр жылдары білім ордасын басқарғандарды зор құрметпен мақтанышпен атауға болады. Солардың ішін де білімді ғалым В.А.Цатуряннің есімімен дәрісхана аталса, оның ісін Қ.Ш.Шәкенов жалғастырып, қазіргі таңда оның

Айыртау аудандық мәслихаты шешім

(VI шақырылымының V кезекті сессиясы)

Саумалкөл с. № 6-5-1 2016 жыл 10 қазан

«2016-2018 жылдарға арналған Айыртау ауданының бюджеті туралы» Айыртау аудандық мәслихатының 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 5-44-1 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 106-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармақ 1) тармақшасына сәйкес, Айыртау аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**
1. Айыртау аудандық мәслихатының 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 5-44-1 «2016-2018 жылдарға арналған Айыртау ауданының бюджеті туралы» шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3545 тіркелген, 2016 жылғы 21 қаңтарда «Айыртау таңы» газетінде, 2016 жылғы 21 қаңтарда «Айыртау-ские зори» газетінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:
1- тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:
«1. 2016-2018 жылдарға арналған Айыртау ауданының бюджеті тиісінше 1, 2, 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2016 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 4 535 477,4 мың теңге, оның ішінде:
салықтық түсімдер бойынша – 719 714,0 мың теңге;
салықтық емес түсімдер бойынша – 12 745,1 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсімдер – 12012,0 мың теңге;
трансферттер түсімдері бойынша – 3 791 006,3 мың теңге;
2) шығындар – 4 533 305,2 мың теңге;
3) таза бюджеттік кредит беру – 15 035,5 мың теңге, оның ішінде: бюджеттік кредиттер – 38 178,0 мың теңге;
бюджеттік кредиттерді өтеу – 23 142,5 мың теңге;
4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша салдо – 29 000,0 мың теңге, оның ішінде: қаржы активтерін сатып алуға – 29 000,0 мың теңге;
мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түсімдер – 0 мың теңге;
5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 41 863,3 мың теңге;
6) бюджет тапшылығын қаржы-

ландыру (артықшылығын пайдалану) – 41 863,3 мың теңге, оның ішінде: қарыздардың түсуі – 38 178,0 мың теңге;
қарыздарды өтеу –23 142,5 мың теңге;
бюджет қаражатын пайдаланылатын қалдықтары – 26 827,8 мың теңге.»;
8 - тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:
«8. 2016 жылға арналған аудан бюджетінде республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер түсімдері ескерілсін, соның ішінде:
1) жергілікті атқарушы органдардың агроөнеркәсіптік кешен бөлімшелерін ұстауға;
2)мемлекеттікәкімшілікқызметшілер еңбекақысының деңгейін арттыруға;
3) азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімдерінің штат санын ұстауға;
4) мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға;
5) жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын азаматтық қызметшілерге еңбекақы төлеу

жүйесінің жаңа моделіне көшуге, сонымен қатар оларға лауазымдық айлықақыларына ерекше еңбек жағдайлары үшін ай сайынғы үстемеақы төлеуге;
6) Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 - 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыруға, соның ішінде: мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету нормаларын ұлғайту.
7) жергілікті бюджет шығынын өтеуді және өңірлердің экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етуге;
8) сандық білім беру инфра-құрылымын құруға.
Аталған республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттерді бөлу Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің 2016-2018 жылдарға арналған Айыртау ауданының бюджеті туралы Айыртау аудандық мәслихаттың шешімін іске асыру туралы қаулысымен айқындалады.»;
11- тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

«11. 2016 жылға аудандық жергілікті атқарушы органның резерві 4032,0 мың теңге сомасында бекітілсін.»;
көрсетілген шешімнің 1, 5 қосымшалары осы шешімнің 1, 2 қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын (қоса беріледі).
2. Осы шешім 2016 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енеді.
Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының V сессиясының төрағасы А. Байғарин.
Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихаты хатшысының міндетін атқарушы Р. Тілеубаева.
«КЕЛІСІЛДІ»
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы
М.Рамазанова
2016 жылғы 10 қазан
Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылдың 26 қазанында № 3907 тіркелген, Айыртау ауданының мәслихат аппаратының maslihat-airtau.sko.kz сайтында жарияланған

Айыртау аудандық мәслихатының 2016 жылғы 10 қазандағы № 6-5-1 шешіміне 1 қосымша
Айыртау аудандық мәслихатының 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 5-44-1 шешіміне 1 қосымша

2016 жылға арналған Айыртау ауданының бюджеті

Санаты			Атауы	Сомa, мың теңге
Сыныбы		Ішкі сыныбы		
1	2	3	4	5
			1) Кірістер	4 535 477,4
1			Салықтық түсімдер	719 714,0
	01		Табыс салығы	34 399,0
		2	Жеке табыс салығы	34 399,0
	03		Әлеуметтік салық	331 513,0
		1	Әлеуметтік салық	331 513,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	166 109,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	94 692,0
		3	Жер салығы	8 788,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	56 900,0
		5	Бырыңғай жер салығы	5 729,0
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	181 643,0
		2	Акциздер	3 530,0
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	160 840,0
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	17 138,0
		5	Ойын бизнесіне салық	135,0
	08		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	6 050,0
		1	Мемлекеттік баж	6 050,0
2			Салықтық емес түсімдер	12 745,1
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	9 342,1
		1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	603,0
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беру-ден түсетін кірістер	3 890,0
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	31,1
		9	Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер	4 818,0
	02		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	240,0
		01	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	240,0
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	1 055,0
		01	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	1 055,0
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	2 108,0
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	2 108,0
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	12 012,0
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	3 600,0
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	3 600,0
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	8 412,0
		1	Жерді сату	7 917,0
		2	Материалдық емес активтерді сату	495,0
4			Трансферттердің түсімдері	3 791 006,3
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	3 791 006,3
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	3 791 006,3

Функционалдық топ			Атауы	Сомa, мың теңге
Әкімші				
		Бағдар-лама		
1	2	3	А	
			2) Шығындар	4 533 305,2
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	359 462,6
	112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	14 732,0
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	14 732,0
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	96 611,4

		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	96 611,4
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	197 803,0
		001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	197 391,0
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	412,0
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	36 481,2
			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясат-тын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік сая-сатты іске асыру жөніндегі қызметтер	28 771,2
		003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	1 498,0
	010		Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дау-ларды реттеу	1 000,0
		015	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	5 212,0
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	13 835,0
		001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолау-шылар көлігі және автомобиль жолда-ры саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	10 935,0
		013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 900,0
	02		Қорғаныс	8 438,4
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	8 438,4
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	8 044,0
		006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	394,4
		007	Аудандық (қалалық) ауқымыдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	
03			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	486,0
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	486,0
		021	Елді мекендерде жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету	486,0
04			Білім беру	3 307 041,0
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	3 270 499,0
		001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	11 256,0
		003	Жалпы білім беру	2 797 956,9
		005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік көшендерді сатып алу және жеткізу	34 902,0
		006	Балаларға қосымша білім беру	22 724,2
		009	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	156 439,0
		015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға асы-раушыларына ай сайынғы ақшалай қаражат төлемдері	18 658,1
		022	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін Қазақстан азаматтары-на біржолғы ақша қаражатын төлеуге арналған төлемдер	478,7
		029	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халықпсихологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	13 143,0
		040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	150 251,0
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	64 690,1
	465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	36 542,0

		017	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	36 542,0
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	159 007,8
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	148 711,8
		001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтікбағдарламалардыңжұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	29 149,0
		002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	27 578,8
		004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	
		005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	1 436,9
		006	Тұрғын үйге көмек көрсету	696,0
		007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жеке-леген топтарына әлеуметтік көмек	15 307,0
		010	Үйден тәрбиеленіп оқылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	687,1
		011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	809,0
		014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	47 923,2
		016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	6 309,0
		017	Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен және ымда тілі мамандарының қызмет көрсетуін, жеке көмекшілермен қамтамасыз ету	18 815,8
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	10 296,0
		030	Патронат тәрбиешілерге берілген ба-ланы (балаларды) асырап бағу	10 296,0
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	296 997,6
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	34 340,9
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	16 931,0
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	2 777,9
		010	Жерлеу орындарын ұстау және туыста-ры жоқ адамдарды жерлеу	195,0
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	2 770,0
		014	Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру	745,0
		027	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу және абаттандыру	10 922,0
	455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді да-мыту бөлімі	2 243,0
		024	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу	2 243,0
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	110 102,8
		004	Азаматтардың жекелген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету	3 000,0
		012	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	45 000,0
		026	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі жылу жүйелері қолдануды ұйымдастыру	59 500,0
		058	Елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	2 602,8
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	6 788,1
		026	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу	6 788,1
	472		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	143 522,8
		003	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау	7 464,0
		072	Жұмыспен қамту 2020 жол карта-сы шеңберінде қызметтік тұрғын үй салу, еңбекші жастарға арналған жатақханалар мен инжнерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды салу және (немесе) реконструкциялау	136 058,8
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	164 355,2

08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	164 355,2
	455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	109 432,0
		001	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9 504,0
		003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	51 386,0
		006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	37 037,0
		007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халықтарының басқа да тілдерін дамыту	535,0
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	10 970,0
	456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	20 891,0
		001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	11 351,0
		002	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	4 900,0
		003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	4 640,0
	465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	30 982,2
		001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8 185,0
		006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	1 072,0
		007	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	3 030,0
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	18 695,2
	472		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	3 050,0
		008	Спорт объектілерін дамыту	3 050,0
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	137 590,3
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	15 875,0
		099	Мамандардың әлеуметтік көмек көрсетуі жөніндегі шараларды іске асыру	15 875,0
	462		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі	18 191,6
		001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	18 191,6
	463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	11 358,0
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9 989,0
		004	Жерді аймақтарға бөлу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	1 369,0
	473		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	92 165,7

		001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	15 559,9
		005	Мал көмінділерінің (биотермиялық шұңқырлардың) жұмыс істеуін қамтамасыз ету	1 020,0
		006	Ауру жануарларды санитарлық союды ұйымдастыру	390,0
		007	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	490,8
		008	Алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу	3 040,0
		009	Жануарлардың энзоотиялық аурулары бойынша ветеринариялық іс-шараларды жүргізу	4 150,0
		010	Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу	3 531,0
		013	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	63 984,0
11			Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	11 242,2
	472		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	11 242,2
		001	Жергілікті деңгейде құрылыс, сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	10 632,2
		013	Аудан аумағында қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын, аудандық (облыстық) маңызы бар қалалардың, кенттердің және өзге де ауылдық елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу	610,0
12			Көлік және коммуникация	30 849,0
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	30 849,0
		023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	30 849,0
